

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК КОМИТЕТІ**



**Терроризм актісін жасау қауіп-қатері не болмаса жасалған кезде
күзет қызметі субъектілерінің алғашқы ден қою**

АЛГОРИТМІ

**Астана
2024 жыл**

Мазмұны

Жалпы ережелер

3

I-тарау. Объекті басшылары мен күзет қызметі субъектілерінің міндеттері	
ТТО объекті меншік иесінің (иеленушісінің), басшысының міндеттері	4
ТТО объектіде күзетуді қамтамасыз ететін күзет қызметі басшысының міндеттері	6
II-тарау. Объектінің меншік иесінің (иеленушісінің), басшысының, күзет қызметінің субъектілері мен мемлекеттік органдармен күзет қызметкерлерінің өзара іс-қимылы	7
III-тарау. Террористік сипаттағы қауіп-қатерлер туындаған кездегі күзет қызметкерлерінің іс-қимылдары	
Жарылғыш құрылғыға ұқсас затты тапқан кезде	9
Күдікті затты тапқан кезде	10
Қарулы шабуыл жасалған кезде	11
Адамды кепілге алу қауіпі туындаған кезінде	12
Адамды кепілге алған кезде	12
Миналанған көлік құралдарын, сондай-ақ үйретілген жануарларды пайдалану арқылы жанкеш-содыр шабуыл жасаған кезде	13
Күзет объектісін өртеу немесе физикалық зақым келтіру	13
Қауіпті химиялық және уландырғыш заттарды қолданған кезде	14
Ұшқышсыз ұшу аппараттары, оның ішінде квадрокоптерлер арқылы террор құралдарын қолданған кезде	15
Артынан террористік шабуылдар жасаумен жаппай тәртіпсіздіктерді, ұлтаралық және конфессияаралық қақтығыстарды ұйымдастыру үшін халықтың наразылық әлеуетін пайдаланған кезде	16
Террористік актілер жасау үшін пошталық жөнелтімдерді пайдаланған кезде	16
Телефон арқылы террористік акті жасау қорқытуымен қоңырау түскен кезде	17
Электрондық пошта, мессенджерлер, әлуметтік желілер, басқа көздер арқылы терроризм актісін жасау қоқан-лоқы көрсету хабарламасы түскен кезде	18
IV-тарау. Жедел-тергеу топтарымен өзара іс-қимыл жасау тәртібі мен алғашқы ден қою күштерінің олардың террористік сипаттағы қауіп-қатерлер туындаған кездегі іс-қимылы	
ЖКҰ орталықтандырылған бақылаудың кезекші пультінің алғашқы іс-қимылы	19
ТТО объектілерінен дабыл сигналы түскен кезде шығуларын қамтамасыз ететін ЖКҰ мобильді топтарының (жедел ден қою топтарының) алғашқы іс-қимылы	19
Террористік сипаттағы қауіп-қатер туындаған кезде жедел-тергеу топтарымен және шұғыл (алғашқы) ден қою күштерімен өзара іс-қимыл тәртібі	20
Пайдаланған әдебиеттер тізімі	22

Жалпы ережелер

Осы Алгоритм террористік тұрғыдан осал объектілердің (бұдан әрі – ТТО) қауіпсіздігін қамтамасыз ететін күзет қызметі субъектілерінің басшылары мен қызметкерлеріне арналған.

«Объектілерді террористік тұрғыдан осал объектілерге жатқызу қағидалары мен өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 сәуірдегі №234 қаулысына қара барлық террористік тұрғыдан осал объектілер мынадай түрлерге бөлінген:

- аса маңызды мемлекеттік объектілер;
- стратегиялық объектілер, стратегиялық маңызы бар экономика саласының объектілері;
- қауіпті өндірістік объектілер;
- адамдар көп жиналатын объектілер.

«Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңына сәйкес күзет объектілерінің басшылары (әкімшілік), ТТО объектілер бойынша күзет қызметін көрсету туралы шарт жасасқан күзет қызметі субъектілері тиісті өткізу режимін қамтамасыз ету, Талаптар¹ мен Нұсқаулықтарға² сәйкес қорғаудың техникалық құралдарын дұрыс пайдалану жөнінде өз персоналымен оқу іс-шараларын ұйымдастыру міндеттерін орындайды.

«Күзет қызметі туралы» ҚР Заңына сәйкес күзет қызметі «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» ҚР Заңымен белгіленген тәртіпте лицензиялауға жатады.

ТТО объектілерінде күзетуді қамтамасыз ету үшін жеке күзет ұйымдары (бұдан әрі – ЖКҰ) заңды тұлғалармен күзет қызметін жүзеге асыруға «Күзет қызметін көрсетудің барлық түрлерімен, оның ішінде ТТО объектілерін күзету» лицензиясы³ болулары міндетті.

Бұдан басқа, ЖКҰ біліктілік талаптары бойынша⁴ жалпы талаптармен қатар мыналар:

¹ «Террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыруға қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 6 мамырдағы №305 қаулысы;

² «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» ҚР 199 жылғы 13 шілдедегі №416 Заңының 10-2-б. 1-т. сәйкес: «Орталық мемлекеттік органдар, оның ішінде Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар осы Заңның 4-бабы 3-тармағының 4) тармақшасына сәйкес айқындалатын, террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыруға қойылатын талаптардың негізінде террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықтарды әзірлейді және бекітеді»;

³ «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» ҚР Заңымен белгіленген;

⁴ «Күзет қызметін жүзеге асыру үшін біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы №959 бұйрығы.

- күзет қызметтерін көрсету саласында кемінде бір жыл жұмыс тәжірибесі;
- меншік не жалға алу құқығында орталықтандырылған күзет пунктін (*күзет бөлімін*) орналастыруға арналған офистік үй-жайы;
- орталықтандырылған бақылау пульті;
- радиобайланыс (*сым мен интернет арқылыдан басқасы*);
- объектілерден дабыл сигналдарына шығуды қамтамасыз ететін кемінде екі мобильді топтары;
- қызметтік, оның ішінде атыс қаруы (*қарулы күзет үшін*) болуы тиіс.

ІІМ мамандандырылған күзет қызметі бөлімшелері, ведомстволық күзет, атыс қаруын қолдану құқығы бар ЖКҰ күзететін объектілерге қатысты терроризм актілері қауіп-қатерлеріне немесе олардың жасалуына ден қою терроризм актісін жасау қауіп-қатері не болмаса жасалған кезде мемлекеттік органдардың және жеке ұйымдар қызметкерлерінің, әскери қызметшілерінің, жұмыскерлерінің іс-қимыл алгоритміне, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2019 жылғы 1 шілдедегі №602 бұйрығымен бекітілген Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының айналымы қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Өзара іс-қимылды ұйымдастыру және террористік көріністерге уақытылы ден қою шараларын қабылдау мақсатында ТТО объектілерінде күзет субъектілерінің басшылары үшін терроризм актісі қауіп-қатері және (немесе) жасалған кезде хабардар ету мен өзара хабарлау сызбасы әзірленеді.

Терроризмге қарсы операция өткізу кезеңінде объектінің, коммуникацияның ерешеліктері, кепілге алынғандар саны жөнінде қажетті мәліметтер алу, сондай-ақ арнайы операция мен басқа іс-шаралар өткізуге арналған тактикалық шешімдер әзірлеуге қатысу мақсатында терроризмге қарсы күрес жөніндегі жедел штабқа өзара іс-қимылды қамтамасыз ету мен консультативтік көмек көрсету үшін ТТО объектілерінің меншік иелері (*иеленушілері*), басшылары және күзет қызметінің субъектілері тартылады.

I-тарау. Объекті басшылары мен күзет қызметі субъектілерінің міндеттері

ТТО объекті меншік иесінің (иеленушісінің), басшысының міндеттері

1) объекті жұмыскерлері қатарынан терроризмге қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамалар талаптарын сақтауға жауапты адамды белгілеу;

2) объектінің терроризмге қарсы қорғалу паспортының әзірленуін ұйымдастырылуына және паспортта көзделген іс-шаралардың орындалуына бақылау жасауды қамтамасыз ету;

3) объектінің жұмыс режимін, объектіге өткізу режимнің ережесін әзірлеу және бекіту және олардың орындалуын қамтамасыз ету;

4) объекті персоналмен терроризмге қарсы қорғалуын қамтамасыз ету бойынша профилактикалық және оқу-жаттығу іс-шараларын өткізу кестесін қалыптастыру;

5) қазіргі заманғы техникалық жабдықтармен объектінің терроризмге қарсы қорғалуын қамтамасыз ету;

6) терроризмге қарсы қорғалу үшін қажетті қаржымен қамтамасыз ету;

7) объекті аумағына өткізу режимін, оның ішінде аудио-бейнебақылау және сигнализация жүйелерін орналастыру арқылы қамтамасыз ету;

8) төтенше жағдайлар туындаған жағдайда келушілерді, персоналды және зардап шеккендерді эвакуациялау жоспарын әзірлеу;

9) келушілер мен персоналды ТЖ туралы хабардар ету құралдарының техникалық жағдайын қажетті деңгейде ұстау;

10) жақын жердегі полиция учаскесіне және аумақтық полиция департаменттерінің жедел басқару орталығына (*бұдан әрі -ЖБО*) қосылған дабыл бастырмасын орнату;

11) объектіні күзетуді ұйымдастыру және күзеттің ұйымдастырылуына тұрақты, жоспардан тыс тексерулер жүргізу;

12) ТТО объектіде күзет субъектілерінің қызметкерлері үшін тиісті талаптарға сәйкес келетін үй-жаймен (*алғашқы медициналық көмек көрсету құралдарымен, қару-жарақты/арнайы құралдарды сақтауға арналған шкафпен жабдықталған, үй-жайға еркін кіруге болмайтын*) қамтамасыз ету;

13) үй-жайды (*аумақты*) басқа ұйымдарға жалға берген кездегі әкімшілік функцияларын белгілеу, жалға берілетін үй-жайдың жағдайын және сақталатын тауарлар номенклатурасына тексеруді қамтамасыз ету;

14) ТТО объекті персоналын күдікті заттарды тапқан / терроризм актісі қауіп-қатері белгілері белгілі болған кезде аумақтық ішкі істер мен ұлттық қауіпсіздік органдарының кезекші бөлімдеріне міндетті түрде хабарлануы тиіс телефон нөмірлері жөнінде ақпарат беру (*ақпарат тақтасына іліп қою*);

15) құқық қорғау органдарымен бірлесе террористік сипаттағы қауіп-қатер жағдайындағы іс-қимылдар бойынша тәжірибелік сабақтар өткізу арқылы күзет қызметінің қызметкерлері мен персоналдың дайындығын ұйымдастыру;

16) күзет қызметкерлерін ТТО объектінің бейнебақылау жүйесімен жұмыс істей алуға, басқаруға оқыту;

17) объектіні қарап-тексеру жоспарын дайындау, онда осал жерлерді, оның ішінде өрт қауіпі барларды көрсету, сол жерлерге, уақытша жинап қою орындарына, қоқыс жинау контейнерлеріне, урналарға және т.б. бақылау тексеруін жүргізу тәрібі мен мерзімін белгілеу;

18) түскен мүліктерге, тауарларға, заттардың саны бойынша жабдықтарға, буып-түю жағдайына және т.б. тиісті жүкқұжаттарының болуына егжей-тегжей тексеруді ұйымдастыру;

19) қызмет жайларын, өтетін жерлер мен баспалдақ жолдарын артық заттардан босату;

20) ғимараттан тұрақты түрде қалдықтардың шығарылуын, аумақты үлкен қоқыстардан, оның ішінде құрылыс ағаштары мен пайдаланылмайтын металдан жасалған өнімдерден босатуды қамтамасыз ету;

21) мүмкіндігінше қоқыс жинайтын контейнерлерді объекті ғимаратынан тыс жерлерге орналастыру;

22) терроризм актісі жасалған жағдайда меншік нысанына қарамастан, террористік тұрғыдан осал объектілер басшылары мен (немесе) қызметкерлері терроризм актісі жасалғандығы туралы ұлттық қауіпсіздік органдарына немесе ішкі істер органдарына шұғыл хабарлауға және персоналды эвакуациялауды қамтамасыз етуге міндетті;

23) тиісті іс-шараларды іске асыру мақсатында меншік нысанына қарамастан, террористік тұрғыдан осал объектілердің басшылары немесе басқа да лауазымды тұлғалары қажетті қаржыландыруды қарастыруға міндетті;

24) «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңымен қаралған басқа да талаптар.

ТТО объектіде күзетуді қамтамасыз ететін күзет қызметі басшысының міндеттері:

1) объекті әкімшілігіне объекті бойынша белгілі болған осал жерлер, инженерлік қорғалуы мен күзет жүйелері жөнінде хабарлау арқылы объектінің қауіпсіздік жүйесін үнемі жетілдіру;

2) қызметкерлерді мұқият іріктеу, оларды нақты бір объектіні күзетуге қарай оқытылуын қамтамасыз ету;

3) кадрлар тұрақсыздығын ескере отырып, жеке құрамды террористік қауіптіліктің түрлі деңгейі жарияланған кездегі іс-қимыл тәртібіне оқытуды тоқсан сайын қамтамасыз ету;

4) жеке құрамның «Терроризм актісін жасау қауіп-қатері не болмаса жасалған кезде күзет қызметі субъектілерінің алғашқы ден қою алгоритмін» білулеріне кемінде жылына екі рет тестілеуді жүзеге асыру;

- 5) күзетшілердің төтенше жағдайлар туындаған кездегі, эвакуация өткізу кезіндегі міндеттерін белгілеу (*нақтылау*);
- 6) объекті әкімшілігімен берлесе ТЖ туындаған кездегі хабарлау мен эвакуациялау схемасын үнемі жаңартып отыру;
- 7) әкімшілікпен бірлесе персоналдарға заттар мен нәрселерді кіргізуге шектеулер қойылған объектінің өткізу режимі туралы нұсқаулық жүргізу;
- 8) күзет қызметі субъектілерінің жұмыстары бойынша объекті әкімшілігімен бекітілген объектінің жұмыс істеу талаптарын, өткізу режимінің ережелерін орындау;
- 9) күдікті заттардың болуына күнделікті аумақты / үй-жайды аралау мен қарауды ұйымдастыру ;
- 10) күзет қызметінде қолданылатын объекті қауіпсіздігінің техникалық құралдары мен жабдықтарының сақталуын қамтамасыз ету;
- 11) кемінде жылына бір рет объекті басышылығымен (әкімшілігімен) бірлесе персоналдың «Дабыл» сигналы түскен кездегі іс-қимылдары мен қауіпсіз жерге эвакуациялау тәртібі жөнінде профилактикалық және оқу іс-шараларын өткізу;
- 12) күнделікті қызметке түскенге дейін қолда бар қару-жарақ, арнайы құралдардың бар болуларына/сақталуына/дұрыс жұмыс істеулеріне тексеруді жүзеге асыру;
- 13) қызметкерлерді жеке химиялық қорғау құралдарымен қамтамасыз ету;
- 14) шалғайдағы елді мекендерде осы елді мекенде орналасқан күзет субъектілерінің төтенше жағдай кезінде өзара іс-қимыл жасау жоспарын қарастыру;
- 15) «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңымен қаралған басқа да талаптар.

II-тарау. Терроризм актісін жасау қауіп-қатері не болмаса жасалған кезде объектінің меншік иесінің (*иеленушісінің*), персоналдың, объектіде күзетті қамтамасыз ететін күзет қызметі субъектісінің басшысы мен күзет қызметкерлерінің мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылы

- 1) терроризм актісі қауіп-қатері немесе жасалғаны туралы ақпарат алған кезде ТТО объектінің жеке меншік иесі (*иеленушісі*), персоналы, басшысы, объектіде күзетті қамтамасыз ететін күзет қызметі субъектісінің басшысы мен күзет қызметкерлері шұғыл түрде уәкілетті мемлекеттік органдардың кезекші және диспетчерлік қызметтеріне хабарлайды / хабардар етеді;

2) террористік тұрғыдан осал объектілерде терроризм актісі қауіп-қатері немесе жасалғаны туралы сигналды уақтылы өткізу мақсатында шұғыл ден қою қызметтеріне, террористік тұрғыдан осал объекті басшылығына (әкімшілігіне), сондай-ақ күзет қызметінің субъектісіне хабарлаудың және хабардар етудің тиісті сызбалары әзірленеді;

3) уәкілетті мемлекеттік органдарға хабарлаған кезде терроризм актісі қауіп-қатері немесе жасалғандығы туралы ақпаратта мүмкіндігінше мындай мәліметтер болуы тиіс:

- оқиға сипаты және ол болған объекті туралы;
- оқиға болған жер туралы;
- оқиға болған уақыт туралы;
- зардап шеккендердің болуы, олардың орналасқан жерлері мен жағдайлары, сол жерде оларға көмек көрсету, қауіпті аумақтан эвакуациялау бойынша қабылданған шаралар туралы;
- қирау ауқымы, басқа да зиянды салдарлар туралы;
- терроризм актісі немесе жасалуы туралы хабарлаған адам туралы;
- оқиғаға ықтимал қатысы бар адамдар туралы;
- көргендердің болуы және орналасқан жерлері туралы;
- қажеттілігіне қарай алғашқы (*шұғыл*) ден қою күштерінің қауіпсіз келулеріне арналған орын немесе жер учаскесі туралы;
- және басқа да қажетті мәліметтер;

4) дайындалып жатқан немес жасалған қылмыс туралы толық мәліметтердің болмауы лауазымды тұлғаларды уәкілетті мемлекеттік органдарға шұғыл хабардар ету міндетінен босатпайды;

5) алғашқы (*шұғыл*) ден қою күштері келгенге дейін объектінің күзеті мен күзет қызметі субъектілерінің басшылары немесе күзет қызметкерлері осы Алгоритм тармақтарымен көзделген, оның ішінде зардап шеккендерге көмек көрсету, эвакуациялау, өмірге және денсаулыққа нақты қатер болмаған жағдайда қылмыс белгілерінің сақталуын қамтамасыз ету шараларын қабылдайды.

III-тарау. Террористік сипаттағы қауіп-қатерлер туындаған кездегі күзет қызметкерлерінің іс-қимылдары

1. Жарылғыш құрылғыға (бұдан әрі - ЖК)

ұқсас затты тапқан кезде:

- 1) тиіспеу, жақындамау, қозғамау;
- 2) тапқандары туралы аумақтық ішкі істер (мел. 102, 112) және ұлттық қауіпсіздік (мел. 110) органдардың кезекші бөлімдеріне дереу хабарлау;
- 3) сол затқа жақын жерде радиобайланыс, оның ішінде мобильді құралдарын пайдаланудан тартыну;
- 4) табу уақыты мен орнын белгілеп алу;
- 5) бөгде адамдардың қажетті қашықтықта қауіпті аймаққа кірулерін шектуді қамтамасыз ету;
- 6) объекті әкімшілігінің өкілдерімен бірлесе қауіпті аймаққа ірлегес аумақтан адамдардың ұйымшылдықпен эвакуациялануын қамтамасыз ету;
- 7) заттың сырт пішінін және оны табудың маңызды мән-жайын сипаттауға дайын болу;
- 8) құқық қорғау органдары өкілдерінің келулерін күту, оларға оның орналасқан жерін көрсету;
- 9) иесіз заттың ықтимал иесін анықтау үшін төңіректегілерден сұрастыру;
- 10) өмірге қатер төнген жағдайда қорғауды қамтамасыз ететін заттардың (ғимарат бұрышы, бағана, ағаш, автокөлік) артына тығылу, бақылау жүргізу;
- 11) затты зерттеу және ЖК залалсыздандыру үшін құқық қорғау органдар мамандарының ықтимал жарылыс қауіпі бар аймақтарға қолжетімділіктерін қамтамасыз ету, олардың қызметтеріне қажетті жәрдем көрсету;
- 12) өздерімен бірге жарылғыш құрылғылары немесе жарғыш заттар (өзінде бар құрылғының сыртқы ерекшелігін сипаттауға дайын болу) болуы ықтимал күдікті адамдарды анықтаған жағдайда, құқық қорғау және (немесе) арнаулы мемлекеттік органдарын хабардар ету.

Белгісіз заттарды жарылғыш құрылғыларға (бұдан әрі – ЖК) жатқызудың жалпы белгілері немесе затта ЖК болуын болжауға негіздеме болған:

- объектіде иесіз портфельді, шабаданды, сөмкені, қорапты, жәшікті табу;
- оларға арналған орындарға тән емес заттарды және басқа механизмдерді табу;

- штаттық оқ-дәрі, сигнал, жарық беру, оқу-имитациялық құралдарына, пиротехникалық өнім немесе олардың элементтеріне тән түріндегі заттардың болуы;

- заттан жұмыс істеп тұрған сағат механизмінің дыбысы шығуы;

- затта оның нақты мақсатына сәйкес келмейтін, оған тән емес элементтердің (*бөлшектердің*) болуы;

- зат үшін (*мысалы, кәмпиттің қорабы, шылым қорабы, кофе банкісі, кітаптың, қойын дәптердің және т.б.*) ерекше үлкен салмақта болуы;

- үнемі ашылып тұратын есіктерде, терезелерде оған жалғанған арқан, жібі бар қандай да бір бөгде заттардың болуы;

- заттарда артық айырып-қосқыш бастырмасының болуы;

- заттарда жарық индикаторларының болуы;

- оның мақсаты бойынша металл бөліктері болмауы керек заттарда металлдың болуын анықтау.

2. Күдікті затты тапқан кезде:

1) тиіспеу, жақындамау, қозғамау;

2) төңіректегілерден иесіз заттың ықтимал иесін анықтау үшін сұрастыру;

3) сол затқа жақын жерде радиобайланыс, оның ішінде мобильді құралдарын пайдаланудан тартыну;

4) табу уақыты мен орнын белгілеп алу;

5) аумақтық ішкі істер (*тел. 102, 112*) және ұлттық қауіпсіздік (*тел. 110*) органдардың кезекші бөлімдеріне күдікті затты тапқандары туралы шұғыл хабарлау;

6) адамдар мен көліктердің объектіге қолжетімділіктерін тоқтату;

7) заттың сырт пішінін және оны табудың маңызды мән-жайын сипаттауға дайын болу;

8) дүрбелең туғызбау үшін болған жағдай туралы білулері тиіс адамдаран басқаларға жарылыс қауіпі туралы хабарламау;

9) бөгде адамдардың күдікті затқа және қауіпті аймақта қолжетімділіктерінің қажетті қашықтықта шектелуін қамтамасыз ету;

10) объекті әкімшілігінің өкілдерімен бірлесе қауіпті аймақпен шектескен аумақтан адамдардың ұйымшылдықпен эвакуациялануын қамтамасыз ету;

11) өмірге қатер төнген жағдайда қорғауды қамтамасыз ететін заттардың (*ғимарат бұрышы, бағана, ағаш, автокөлік*) артына тығылу, бақылау жүргізу.

Қауіптенуге желеу болатын себептер:

- күдікті затты тапқанға дейін күдікті адамдарды табу;
- төнетін қатерлер *(жеке өзі, телефон, электрондық пошта арқылы, мессенджерлер, алуеметтік желілер, басқа ақпарат көздер арқылы түскен басқа да хабарламалар)*.

Жарылғыш құрылғыны немесе күдікті затты тапқан кезде эвакуациялауға және қоршауға ұсынылатын аймақтар:

1.	РГД-5 гранатасы	50 метрден кем емес
2.	Ф-1 гранатасы	250 метрден кем емес
3.	Салмағы 200 грамм тротил шашкасы	45 метр
4.	Салмағы 400 грамм тротил шашкасы	55 метр
5.	БҒМ минасы-50	85 метр
6.	Шабадан (кейс)	230 метр
7.	Жол шабаданы	350 метр
8.	Жеңіл автомобиль	580 метр
9.	Шағын автобус	920 метр
10.	Жүк автомашинасы	1240 метр
11.	Басқа күдікті заттар	200 метрден кем емес

3. Қарулы шабуыл жасаған кезде:

- 1) дабыл бастырмасын басу, аумақтық ішкі істер *(тел. 102, 112)* және ұлттық қауіпсіздік *(тел. 110)* органдардың кезекші бөлімдеріне қарулы шабуыл жасау фактісі туралы хабардар ету;
- 2) адамдар мен көліктердің объектіге қолжетімдіктерін тоқтату;
- 3) оның объектіде адамдар көп жиналған жерлерге қарай жүрулерін бұғаттау *(қашықтықтан есіктерді оқшаулау, объектінің белгілі бір бөліктерін оқшаулау)*;
- 4) бұзушының қозғалыс бағытын торуылдау және бұл туралы объектіден дабыл сигналы түскенде шығуларын қамтамасыз ететін құқық қорғау органдары қызметкерлеріне, жедел ден қоюдың мобилді тобына хабарлау *(адам саны, сырт бейне ерекшеліктері туралы, өзара сөйлесулері бойынша барынша толық ақпарат беруге тырысу)*;
- 5) объектідегі адамдар қауіпсіздігіне шаралар қабылдау *(эвакуация, қаскүнемдердің жолдарындағы ішкі кедергілерді оқшаулау)*;
- 6) жеке қауіпсіздікті қамтамасыз ету.

4. Адамды кепілге алу қауіпі туындаған кезінде:

- 1) объектіде адамдар көп жиналған жерлерге қарай жүрулерін бұғаттау (*қашықтықтан есіктерді оқшаулау, объектінің белгілі бір бөліктерін оқшаулау*);
- 2) дабыл бастырмасын басу, кез келген тәсілмен аумақтық ішкі істер (*тел. 102, 112*) және ұлттық қауіпсіздік (*тел. 110*) органдардың кезекші бөлімдеріне кепілге адамдар алуға ықтимал ниеттену фактісі мен жағдайы туралы хабардар ету;
- 3) объектідегі адамдар қауіпсіздігіне шаралар қабылдау (*эвакуация, қаскүнемдердің жолдарындағы ішкі кедергілерді оқшаулау*);
- 4) жеке қауіпсіздікті қамтамасыз ету (*кепілге түсуден құтылу*).

5. Адамды кепілдікке алған кезде:

- 1) үрейленбеу, жай дауыспен сөйлесу;
- 2) айырылу мен балағаттауды қайсар және ұстамды қабылдау, көзге қарамау, өзіне көңіл аудартпау;
- 3) физикалық күш немесе қауды қолдануға итермелеуі мүмкін іс-қимылға жол бермеу;
- 4) талаптарды орындау, оларға қарсыласпау, долылыққа және байбалам салуға жол бермеу;
- 5) өшпенділік пен жаратпаушылық танытпау;
- 6) барлық нұсқауларды орындау (*әсіресе бастапқы сағатта*);
- 7) қандай да бір әрекет жасауға рұқсат сұрау;
- 8) өз мінез-құлығыңмен назар аудартпау, қарсылық көрсетпеу;
- 9) егер қашудың сәтті болатындығына толық сенім болмаса, жүгіруге тырыспау;
- 10) мүмкіндігінше көп ақпаратты есте сақтауға тырысу (*адам саны, сырт бейне ерекшеліктері туралы, өзара сөйлесулері бойынша барынша толық ақпарат беруге тырысу*);
- 11) мүмкіндік болған жағдайда, өмірге қауіп төндірмейтін кез келген қолжетімді байланыс тәсілін пайдала отырып, сақтықты сақтап, құқық қорғау және арнаулы органдарға болған оқиға жәйінде хабарлауға талпыну;
- 12) тамақты жаратпауға жол бермеу (*бұл күш пен денсаулықты сақтауға көмектеседі*);
- 13) жараланған кезде өзіңе өздігінен алғашқы дәргерге дейінгі көмек көрсетуге тырысу;
- 14) терезелерден, есіктерден алысырақ отыр және басқа да кепілге алынған адамдарды солай отырғызуға тырыс (*үй-жайға батыл шабуыл жасаған,*

мергендер қылмыскерлерді зақымдау үшін атқын жағдайда қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін қажет).

Аранулы бөлімшелер қызметкерлері кепілге алынған адамдарды босату бойынша операция жүргізген кезде:

- еденге бетпен жату, мүмкіндігінше қабырғаға жабысып, басты қолмен жабу және қозғалмау;
- ешқандай жағдайда арнаулы бөлімшелер қызметкерлеріне қарай немесе кері жүгірмеу, өйткені олар жүгіргенді қылмыскер деп қабылдаулары мүмкін;
- мүмкіндік болған жағдайда есік пен терезе қуыстарынан алшақ тұру;
- басып алумен байланысты барлық уақиғаларды еске сақтау керек (бұл ақпарат құқық қорғау органдары үшін өте маңызды болады).

6. Миналанған көлік құралдарын, сондай-ақ үйретілген жануарларды пайдалану арқылы жанкеш-содыр шабуыл жасаған кезде:

- 1) оның/олардың объектіде адамдар көп жиналған жерлерге қарай жүрулерін бұғаттау (қашықтықтан есіктерді оқшаулау, объектінің белгілі бір бөліктерін оқшаулау, таранға қарсы құрылғыны қолдану);
- 2) дабыл бастырмасын басу, кез келген тәсілмен объекті басшылығын, ішкі істер және ұлттық қауіпсіздік (тел. 110, 102, 112) органдарына хабардар ету;
- 3) объектідегі адамдар қауіпсіздігіне шаралар қабылдау (эвакуация, қаскүнемдердің жолдарындағы ішкі кедергілерді оқшаулау);
- 4) қажет болған кезде күдікті адамның немесе адамдар тобының объектіде қозғалыс бағытын торуылдауды ұйымдастыру (жеке не болмаса бейнебақылау жүйесі арқылы);
- 5) жеке қауіпсіздікті қамтамасыз ету.

7. Күзет объектісін өртеу немесе физикалық зақым келтіру:

- 1) дабыл бастырмасын басу (оның ішінде шұғыл өрт сөндіруді), объекті басшылығы мен аумақтық ішкі істер органдарына күзетілетін объектіні өртеу немесе физикалық зақым келтіру фактісі туралы хабардар ету;
- 2) объектідегі адамдар қауіпсіздігіне шаралар қабылдау (эвакуация, қаскүнемдердің жолдарындағы ішкі кедергілерді оқшаулау);
- 3) егер өрт көзі белгісіз және өрт қою тәуекелі болса объекті басшылығына, аумақтық ішкі істер органдарына хабардар ету, қаскүнемді іздеу және мүмкіндігінше оны ұстап алу;

4) өрт сөндіру қызметі келгенше объектінің барлық кіру/шығу есіктерінің ашық болуын қамтамасыз ету және оларға өрттің шығуы туралы барлық мәліметтерді хабаралу;

5) өрт сөндіру қызметі келгеннен кейін аумақты полиция келгенше қоршау және оған бөгде адамдардың кірулеріне тыйым салу.

8. Қауіпті химиялық және уландырғыш заттарды қолданған кезде:

1) ішкі істер (*тел. 102, 112*) мен төтенше жағдайлар жөніндегі, ұлттық қауіпсіздік (*тел. 110*) органдарға шұғыл хабарлау;

2) тыныс алу органдарын жеке қорғау құралдарымен: газтұтқышпен, респиратормен, ал олар болмаған жағдайда суланған мақталы-дәке таңғышпен (*шарфпен, орамалмен, сүлгімен*) қорғау;

3) оқиға орнын қоршау, қауіпті затты қоршау;

4) объекті әкімшілігімен бірлесе адамдарды қауіпті аймақтан эвакуациялауды қамтамасыз ету;

5) объектіге бөгде адамдардың кіруіне жол бермеу;

6) үй-жайды желдетуді қамтамасыз ету;

7) уақиға орнына құқық қорғау және аранулы органдар қызметкерлері келгенде олардың нұсқауларына сәйкес әрекет жасау.

Қатты әсер ететін улағыш заттардың маңызды қасиетіне олардың улылығының жоғары болуы жатады, атап айтсақ улағыш заттың ең аз мөлшері адамды бірнеше уақытқа қатардан шығара алу ия болмаса өлімге алып келу қасиеті бар. Улағыш заттармен зақымдану сілекей немесе тамақ, уланған ауамен демалу арқылы, улағыш заттардың көзге, теріге, киімге түсу кезінде адам организміне ену нәтижесінде болуы мүмкін

Кейбір улағыш заттардың өзіндік иісі болатындығын білу:

- иприт – сарымсақ немесе қышаның иісі;
- көгеретін қышқыл – бадамның иісі;
- хлорциан – өткір жағымсыз иіс (*бадам иісіне ұқсайтын*);
- фосген – қызған шөп немесе шіріген жеміс иісі.

Улағыш заттармен уланудың бірінші белгілері:

- әлсіздік, жүрек айну мен құсу, қатты сілекей ағуы немесе жөтелдің болуы, бас ауруы, көздің шаншуы, қарашықтың кішіреюі;

- демалудың қиындауы, жүрек қағысының жиілеуі, құрысу, терінің қызаруы және қышуы.

9. Ұшқышсыз ұшу аппараттары, оның ішінде квадрокоптерлер арқылы террор құралдарын қолданған кезде

Күзетілетін объектілер аумағының үстінен және оның маңайында ұшқышсыз ұшу аппараттарын көрген кезде (бұдан әрі - ҰҰА):

1) объекті басшысына (*объектінің қауіпсіздігіне жауапты адамға*), аумақтық ішкі істер (*тел. 102, 112*) және ұлттық қауіпсіздік (*тел. 110*) органдардың кезекші қызметтеріне күзетілетін объекті маңында немесе үстінен ҰҰА көру, оның іс-қимыл сипаты (*ұшу бағыты, биіктігі*) туралы тез хабарлау;

2) бейне-фотоаппаратын немесе ұялы телефонды пайдалану арқылы ҰҰА-ны үздіксіз қадағалау, оған тән конструкторлық ерекшеліктерін (*ұшаққа немесе тікұшаққа ұқсастығын*), ҰҰА жазылған нөмірлерді, ерекше белгілерді, символдар мен басқаларды белгілеп алуды жүзеге асыру;

3) ҰҰА бақылаған кезде ҰҰА-на ілінген заттарға назар аудару, ал оны лақтырған жағдайда күзетудегі объекті аумағына ұшып түсу және/немесе құлау мерзімі мен орнын белгілеп алу, бұл жөнінде объекті басшысына (*объектінің қауіпсіздігіне жауапты адамға*) шұғыл хабарлау;

4) табылған затқа жақындамау, тиіспеу және қозғамау;

5) зат құлаған аймаққа адамдардың қолжетімділігін шектеу;

6) зат пен оның құлау аймағын күзетуді қамтамасыз ету, құқық қорғау органдар қызметкерлерінің келулерін тосу, заттың орналасқан жерін, оны табу жағдайы мен уақытын көрсету;

7) құқық қорғау органдар қызметкерлерінің нұсқауына сәйкес әрекет жасау.

Операторды тапқан кезде (*мешік иесін*):

- күзетудегі объекті аумағында – ұстау және өткізу мен объектішілік режимді бұзған немесе күзетудегі объекті аумағына заңсыз кірген адамға қатысты нормативтік құқықтық актілермен белгіленген талаптарға сәйкес әрекет ету;

- күзетудегі объекті аумағынан тыс жерде – күзетудегі объектінің лауазымды тұлғаларына хабарлау.

10. Артынан террористік шабуылдар жасаумен жаппай тәртіпсіздіктерді, ұлтаралық және конфессияаралық қақтығыстарды ұйымдастыру үшін халықтың наразылық әлеуетін пайдаланған кезде:

1) наразылық күйдегі адамдардың жаппай жиналуы ақпаратын алған кезде немесе оларды күзетілетін объекті маңында байқаған кезде күзет

қызметкері объекті кезекшісіне, басшысына, аумақтық ішкі істер (тел. 102, 112) және ұлттық қауіпсіздік (тел. 110) органдарды хабардар ету қажет;

2) адамдар мен көліктердің объектіге кірулерін тоқтату, кіру есіктерін бұғаттау;

3) 100-ден астам адам жиналған кезде объектінің әкімшілік өкілдерімен бірлесе персонал мен келушілерді қауіпсіз шығу орындары арқылы эвакуациялау шараларын қабылдау;

4) жеке қауіпсіздікті қамтамасыз ету.

11. Террористік актілерді жасау үшін пошталық жөнелтімдерді пайдаланған кезде:

1) объекті персоналына немесе басшылығына арналған сәлемдемелерді немесе хаттарды, конверттерді қабылдамау;

2) барлық келіп түсетін поштаны іс жүргізушілер немесе хатшылар қабылдау тиіс, ол ЖТҚ (қол темір іздегіш, рапискан және т.б.) қолдану арқылы мұқият тексерілуі қажет;

3) ерекше назарды бандерольдерге, сәлемдемелерге, үлкен буып-үюлерге, футлярлар-буып-түюлерге және т.б., оның ішінде жарнамалық жөнсілтегіштерге аудару қажет;

4) күдікті поштаны тапқан кезде оған тиіспеу, жақындамау, қозғамау;

5) аумақтық ішкі істер (тел. 102, 112) және ұлттық қауіпсіздік (тел. 110) органдарының кезекші қызметтеріне тапқандары туралы шұғыл хабарлау;

6) осы затқа жақын жерде радиобайланыс, оның ішінде мобильді құралдарын пайдаланудан тартыну;

7) табу уақыты мен орнын белгілеу;

8) бөгде адамдардың қауіпті аймаққа қолжетімділіктерінің қажетті қашықтықта шектелуін қамтамасыз ету;

9) қауіпті аймақпен шектескен аумақтан адамдардың ұйымшылдықпен эвакуациялануын қамтамасыз ету;

10) заттың сырт пішінін және оны табудың маңызды мән-жайын сипаттауға дайын болу;

11) құқық қорғау және арнаулы органдардың өкілдерінің келулерін күту, оның орналасқан жерін көрсету.

Күдік тудыратын белгілер:

- кері мекенжайдың болмауы;
- дұрыс емес мекенжай;
- мекенжайды жазғандағы дәл еместілік;
- кәсіби түрде оралмаған пакет;

- бау, жіп арқанды көп пайдаланған;
- стандартты емес салмақ, өлшем, пішін;
- пакет немесе буып-түю жиектеріндегі кедір-бұдырлар;
- жабысқақ баумен желімденген және т.б.

12. Телефон арқылы террористік акті жасау қорқытуымен қоңырау түскен кезде:

1) ішкі істер (*тел. 102, 112*) және ұлттық қауіпсіздік (*тел. 110*) органдарына террористік сипаттағы қорқытумен түскен әрбір телефон қоңырауы туралы хабарлау;

2) осындай қоңырау түскеннен кейін үрейге бой бермеу;

3) сөйлесу барысында:

- қоңырау шалушының жынысы, жасы мен оның сөйлеу ерекшеліктерін;
- дауыс ерекшелігін (*қатты немесе ақырын, жуан немесе жіңішке*);
- сөйлесу жылдамдығын (*тез немесе баяу*);
- сөйлеуін (*айқын, бұрмалап, тұтығып, сақаулана, акцентпен немесе диалектімен сөйлеу*);
- сөйлеу мәнерін (*әдепсіз, мысқылмен, әдепсіз сөздермен*) есте сақтау;
- дыбыстық ортаға назар аудару (*автокөлік немесе теміржол көлігінің шуы, теле- немес радиоаппаратураның дыбысы, дауыстар, басқалар*), қоңырау сипаты (*қалалық, қалааралық*);

4) сөйлесудің нақты басталу уақыты мен оның ұзақтығын белгілеп алу;

5) хабарламаның мазмұнын сөзбе-сөз (бұрмаламай және өзгертусіз) жазып алу;

6) сөйлесу барысында мынадай сұрақтарға жауап алуға тырысу керек:

- қайда, кімге, қандай телефонмен қоңырау шалып тұр?
- ол қандай нақты талаптар қояды?
- талаптарды жеке өзі қойды ма немесе делдал ретінде ия болмаса қандай да бір топ адамдардың атынан ба?
 - қандай шарттарда ол немесе олар ойлағандарынан бас тартады?
 - қалай және қашан онымен байланысқа шығуға болады?
 - бұл қоңырау жайлы кімге хабарлай алады немесе хабарласу керек?

7) мүмкіндігінше қорқыту түрін нақтылау және жарылғыш зат түрі туралы ақпарат алу (*жарылғыш зат не болмаса жарылғыш құрылғыларға қатысы жоқ басқа тұрмыстық заттар*).

8) сөйлесу мазмұнын сөзбе-сөз (бұрмаламай және өзгертусіз) жазып алу қажет.

**13. Электрондық пошта, мессенджерлер, әлуметтік желілер,
басқа көздер арқылы терроризм актісін жасау
қоқан-лоқы көрсету хабарламасы түскен кезде:**

- 1) түскен хабарламаны мұқият оқу;
- 2) ақпаратты алудың нақты уақыты (сигнал кімнен түсті, қоңырау шалған адамның деректері, телефон нөмірі және т.б.) мен хабарлама мазмұнын сөзбе-сөз (бұрмаламай және өзгертусіз) жазып алу;
- 3) келіп түскен қоқан-лоқылық туралы, сондай-ақ *(болған жағдайда)* хабарлама түскен телефон нөмірін ішкі істер, ұлттық қауіпсіздік органдарына және объекті басшысына шұғыл хабарлау;
- 4) қажеттілігіне қарай объектінің әкімшілік өкілдерімен бірлесе эвакуациялау жоспарына сәйкес адамдарды эвакуациялауды ұйымдастыру;
- 5) алынған ақпаратты құқық қорғау және арнаулы органдардың қызметкерлері келе салысымен дереу беру;
- 6) келіп жеткен ден қою күштердің кедергісіз жұмыс істеулерін қамтамасыз ету.

**IV-тарау. Жедел-тергеу топтарымен
өзара іс-қимыл жасау тәртібі мен алғашқы ден қою күштерінің
террористік сипаттағы қауіп-қатерлер туындаған кездегі іс-қимылы**

**ЖКҰ орталықтандырылған бақылаудың
кезекші пультінің алғашқы іс-қимылы**

- 1) ЖКҰ орталықтандырылған бақылау пульті сигнал түскен кезде іле-шала мобильдік топты *(жедел ден қою тобын)* оқиға орнына жібереді;
- 2) сол уақытта байланыс құралдары бойынша және бейне тіркеу құралдарын қарау жолымен туындаған қауіп-қатерлерді нақтылайды және оның сипаты туралы мобильді топқа, ішкі істер *(тел. 102, 112)* және ұлттық қауіпсіздік *(тел. 110)* органдарының кезекші қызметтеріне хабарлайды;
- 3) күзет қызметі субъектісінің басшысына және күзетілетін объекті басшысына баяндайды;
- 4) бейне тіркеу арқылы күзетілетін объектіге бақылау жүргізеді.

ТТО объектіден дабыл сигналы түскен кезде шығуларын қамтамасыз ететін ЖКҰ мобильді тобының (жедел ден қою топтарының) алғашқы іс-қимылы

1) жедел ден қою және тиісті шаралар қабылдау мақсатында шұғыл шақыруларға шығатын мобильді топтар қолда бар байланыс құралдары арқылы оқиға орнына жеткенге дейін қауіп-қатер сипатын нақтылайды;

2) террористік сипаттағы қауіп-қатерлер туралы ақпарат алған кезде объектіні қоршау шараларын қабылдайды, қауіпсіз позицияға тұрады, объектіге бөгде адамдарды жібермейді және бақылау жасайды;

3) күдікті зат тапқан кезде күзет қызметкерлері мен объекті әкімшілігіне күдікті затты күзетуді қамтамасыз ету және адамдарды қауіпті аймақтан эвакуациялауды ұйымдастыру бойынша көмек көрсетеді;

4) куәгерлер мен күдікті адамдардан жауап алады, олардың жеке деректері мен тергеу барысында қажет болуы мүмкін басқа да ақпараттарды жазып алады;

5) зиянды салдарларға жол бермеу шараларын қабылдайды (*объектіге жақындап келу жолдарын босатады, жарылыс қауіпі бар және тез тұтанғыш заттарды қауіпсіз қашықтыққа ауыстырады*);

6) қолда бар ақпаратты құқық қорғау және арнаулы органдардың қызметкерлері келе салысымен қолма-қол береді және көмек көрсетеді.

Террористік сипаттағы қауіп-қатер туындаған кезде жедел-тергеу топтарымен және шұғыл (алғашқы) ден қою күштерімен өзара іс-қимыл тәртібі

1) терроризмге қарсы операцияны өткізу жөніндегі жедел басқару органының жұмысы басталғанға және негізгі күштер терроризм актісі жасалған жерге келгенге дейінгі мезетте бірінші кезектегі іс-шараларды жедел-тергеу тобы мен алғашқы (*шұғыл*) ден қою күштері жүзеге асырады;

2) жедел-тергеу тобы мен алғашқы (*шұғыл*) ден қою күштері келгеннен кейін объектінің қауіпсіздік пен күзет қызметтерімен өзара іс-қимыл жасай отырып, мынадай жедел іс-шараларды жүзеге асырады:

- келіп жеткен мүдделі мемлекеттік органдардан қызметкерлері және әскери қызметшілерімен, сондай-ақ терроризм актісі жасалған объекті әкімшілігімен өзара іс-қимылды қамтамасыз етеді. Соңғылармен осы объектінің ерешеліктері мен орналасуын және оның жекелеген учаскелерін білетін маманды бөлу туралы мәселені шешеді;

- терроризм актісі жасалған жер полиция қызметкерлерімен, әскери қызметшілермен, мүдделі мемлекеттік органдардың жедел ден қою жасағымен қоршалады;

- жеке қауіпсіздікті қамтамасыз ету мен зиянды салдарлардың, жарылыстың, опырылып құлаудың болуына, зардап шеккендердің өлуіне, өрттің тарқауына жол бермеу шараларын қабылдайды;

- жарылыс болуы не болмаса оны жасалу қауіпі төнген жағдайда оқиға орнына сумен, жылумен, газбен, электрмен қамтамасыз етуге жауап беретін коммуналдық қызмет өкілдері шақырылады (*байланыс тәсілі алдын-ала қарастырылуы керек*);

- барлық бөгде адамдар оқиға орнынан шығарылады;

- терроризм актісі жасалуының куәгерлері болғандардан жауап алынады және олардың түсініктемелері аудио құрылғыларды пайдалану арқылы жазылынып алынады;

- алынған мәліметтер түсуіне қарай іс-шараны өткізуге тартылған мемлекеттік органдар басшылығына кезекші қызметтер арқылы шұғыл баяндалады;

- және қалыптасқан жағдаларға қарай кезек күттірмейтін шаралар.

3) террористік тұрғыдан осал объекті басшысы, сондай-ақ осы объектінің күзетілуін қамтамасыз ететін күзет қызметі субъектісінің басшысы мен күзет қызметкерлері терроризм актісі салдарларын неғұрлым азайту және жою бойынша бірінші кезекті іс-шараларды, сондай-ақ қолданыстағы ҚР заңнамасына сәйкес жасалған қылмыстарды тергеу үшін қажетті басқа да іс-қимылдарды ұйымдастыруға және жүргізуге жан-жақты көмек көрсетеді.

4) тергеу жүргізуіне террористік сипаттағы қылмыстарды тергеу кіретін мемлекеттік органның жедел-тергеу тобының басшысына терроризм актісі жасалған жерде жұмыс істейтін барлық қызметтерге басшылық жасау жүктеледі;

5) террористік тұрғыдан осал объекті басшысы (*әкімшілік*), сондай-ақ осы объектінің күзетілуін қамтамасыз ететін күзет қызметі субъектісінің басшысы мен күзет қызметкерлері мемлекеттік органның жедел-тергеу тобы басшысының барлық заңды талаптарын және адамдардың өмірі мен денсаулық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, сондай-ақ терроризм актісін неғұрлым азайту және жою іс-шараларын өткізуге бағытталған алға қойған міндеттерді орындауға міндетті;

6) оқиға орнында, мәжбүрлі қажеттілік пен кейінге қалдыруға болмайтын жағдайларда терроризм актісін жасауға қатысы бар қылмыскерлерді немесе тұлғаларды ұстау мен залалсыздандыру іс-шараларына террористік тұрғыдан осал объектінің күзет қызметі субъектісінің басшысы мен күзет қызметкерлері тартылуы мүмкін, ал террористік тұрғыдан

осал объекті басшылығы (*әкімшілік*) мен персоналы осы іс-шараларға ықпал жасай алады;

7) электрондық пошта (мессенджерлер, интернет қоғамдастығы және т.б.) арқылы анонимді қоқан-лоқылық көрсету кезінде ТТО объекті басшылығы (әкімшілік), сондай-ақ күзет қызметі субъектісінің басшысы мен күзет қызметкерлері ақпаратты шешіп және техникалық бастапқы мәліметтерді белгілеп алуды ұйымдастыру үшін электрондық хабарламаның сақталуын, келіп жеткен ден қою күштерінің кедергісіз қолжетімділіктерін қамтамасыз етеді;

8) жасалған терроризм актісі тергеуіне осы объектінің күзетілуін қамтамасыз ететін күзет қызметі субъектісінің басшысы мен күзет қызметкерлерінің қатысу қолданыстағы ҚР заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады (*ҚР ҚПК, ҚР ҚК, «ЖІІ туралы» Заң және т.б.*).

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1) *«Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы»* Қазақстан Республикасының Заңы;

2) *«Күзет қызметі туралы»* Қазақстан Республикасының Заңы;

3) *«Рұқсаттар мен хабарламалар туралы»* Қазақстан Республикасының Заңы;

4) *«Объектілерді террористік тұрғыдан осал объектілерге жатқызу қағидалары мен өлшемшарттарын бекіту туралы»* Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 сәуірдегі № 234 қаулысы;

5) *«Террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыруға қойылатын талаптарды бекіту туралы»* Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 6 мамырдағы № 305 қаулысы;

6) *«Терроризм актісі қатерінің туындауы туралы ақпарат мониторингінің және халықты хабардар етудің мемлекеттік жүйесінің ұйымдастырылуы мен жұмыс істеуі қағидаларын бекіту туралы»* Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 9 тамыздағы № 611 Жарлығы;

7) *«Күзет қызметін жүзеге асыру үшін біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы»* Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 959 бұйрығы.

8) «Террористік сипаттағы қатер жағдайында күзет қызметінің субъектілері қызметкерлерінің іс-қимылдары. Күзет ұйымдарының қауымдастығы. 2022 жыл» әдістемелік ұсынымдар;

9) «Террористік тұрғыдан осал объектілерде объектілік эксперименттерді дайындау және өткізу тәртібі», ТҚО штабы, 2022 жыл әдістемелік ұсынымдар.

ҰҚК ТҚО штабы